

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 наурыздағы № 173 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 4-1 және 4-2-жолдармен толықтырылсын:

"

4-1.	Масс-медиа туралы	АҚДМ	ақпан	ақпан	наурыз	Қ.Ж. Ысқақов
4-2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АҚДМ	ақпан	ақпан	наурыз	Қ.Ж. Ысқақов

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов